

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2003 ж. «18» тамыз ЖҮРГІЗІЛДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
№ 4798-1900-45 куәлік

01 шілде 2003 жылы
Құрылтай жиналысмен
Бекітілген Хаттама

Утвержден:
Учредительным собранием
Протокол от 01 июля 2003 года

**«ГЕМОФИЛИЯМЕН АУЫРАТЫН МҮГЕДЕКТЕРДІҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
(РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘРТЕБЕ)
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ
«КАЗАХСТАНСКАЯ АССОЦИАЦИЯ
ИНВАЛИДОВ – БОЛЬНЫХ ГЕМОФИЛИЕЙ»
(РЕСПУБЛИКАНСКИЙ СТАТУС)**

I. Жалпы ережелер

1.1. «Гемофилиямен ауыратын мүгедектердің қазақстандық ассоциациясы» Қоғамдық Бірлестігі (Республикалық мәртебе) (бұдан әрі қарай – «Ассоциация») Қазақстан Республикасының заңдарына байланысты коммерциялық емес ұйым болып құрылған.

1.2. Ассоциация ерікті бірігу нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтарының гемофилия аурулары мен осы ауру мүгедектерін, олардың ата-аналарын, қамқоршыларын және мүгедек балаларға қамқорлық жасайтын, сонымен қатар әлеуметтік қорғауды қажет ететін гемофилия ауруларын және Ассоциация жұмысына белсенді түрде жәрдем берушілерді біріктіреді.

1.3. Ассоциация өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да қолданып жүрген заңдарына және мүшелер құқықтарының теңділігі, өзін-өзі басқару, заңдылық, қызметтері туралы есеп берулері мен ашықтығы негізінде нақты Жарғыға сәйкес құрады.

1.4. Ассоциацияның толық және қысқартылып аталуы:

мемлекеттік тілде: «Гемофилиямен ауыратын мүгедектердің қазақстандық ассоциациясы» Қоғамдық Бірлестігі (Республикалық мәртебе) («ГАМҚА» ҚБ).

орыс тілінде: Общественное объединение «Казахстанская Ассоциация инвалидов-больных гемофилией» (Республиканский статус) (ОО «КАИБГ»).

1.5. Ассоциацияның заңды тұлға ретіндегі құқығы, әділет органдарына тіркелген мерзімнен бастап күшіне енеді.

1.6. Ассоциацияның дербес балансы бар, жекелеген мүлік иесі, өз атынан шарттарға отыра алады, мүліктік және жеке, мүліктік емес құқықтарға ие бола алады, өз міндеттерін көтереді, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады. Ассоциацияның Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, мөрі, штамптары, банкте шоттары және басқа да реквизиттері бар.

1.7. Ассоциация мәртебесі бойынша, Республикалық қоғамдық бірлестік болып табылады. Ассоциация өзінің қызметін Қазақстан Республикасының келесі облыстық аумақтарында жүзеге асырады: Алматы, Астана қалалары, Алматы облысы, Жамбыл облысы, Павлодар облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Қарағанды облысы.

1.8. Ассоциацияның тұрғылықты жұмыс жүргізу органының орналасқан жері: 480004 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 78/86-үй. Телефон (3272)21-28-48.

1.9. Ассоциация қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.10. Ассоциация өз қызметінде гуманизм, өзін-өзі басқару, заңдастыру, жариялылық, мүшелерінің еркіндігі мен теңдігі принциптерін басшылыққа алады.

II. АССОЦИАЦИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Ассоциация қызметінің міндеттері болып – әлеуметтік, экономикалық, еңбек, мәдени және басқа құқықтарды, гемофилия ауруы мүгедектерінің бостандығы мен ынталарын қорғау, оларды қоғамдық өмірге, шамалары келетін жұмыстарға араластыру болып табылады.

2.2. Атқаратын қызметі:

- Гемофилиямен ауыратындарға Қазақстанда, және де басқа мемлекеттерде шығарылған жаңа препараттармен қамтамасыз ету бойынша, шаралар ұйымдастыру және осы мақсатпен мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, және де әртүрлі қайырымдылық ұйымдары мен қорларына қарастыруға ұсыныстар енгізу;

- медициналық көмектің уақыт талабына сай жүйелерін, еңбекке жарамды ету әдістерін және жаңа түрлерін жасауға және ендіруге, жоғары нәтижелі қан ұйыту препараттарын (VIII және IX факторларының концентрацияларын), олардың синтетикалық ұқсастарын жасауға көмектесу;
- мемлекеттік билік органдары мен басқармаларын ауру мүгедектердің мұқтажды туралы ақпараттау, оларды шешу бойынша, ұсыныстар енгізу;
- кеңестік-диагностикалық, емдік-профилактикалық көмек, медициналық қызметтер комплексін, сонымен қатар ауруларды шетелдердегі гематологиялық орталықтарда емдеуге көмек жасау;
- Қазақстан Республикасында мүгедектікті төмендету үшін және гемофилия диагнозымен туылған балаларда оның толық жойылуына қажетті барлық шаралар мен жағдайларды жасау;
- Ассоциация мүшелеріне құқықтық көмек көрсету;
- ауру мүгедектерді еңбекке жарамды ету және бейімдеудің, уақыт талабына сай медициналық формалар мен әдістемелер түрін жасауға қатысып және ендіруге белсенді көмек көрсету;
- Ассоциация мүшелерінің мәдени уақытын (мейрамдар өткізу, отбасылық клубтар және т.б.) ұйымдастыру;
- материалдық-техникалық базасын, мәдени-ағарту және спорттық-сауықтандыру мекемелер жүйелерін құру және дамыту;
- өндірістік, шаруашылық және коммерциялық қызметтерді, қолданып жүрген заңдарда қарастырылған тәртіпте жүргізу, осы мақсаттар үшін заңды тұлға құқықтары бар өндірістер құру;
- жекеше немесе қазақстандық не шетелдік партнерлармен біріккен коммерциялық және өндірістік кәсіпорынын ел ішінде және де шетелде құру;
- Ассоциация кәсіпорындарында халық тұтынатын тауарларды өндіруге, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, құрылыс-монтаж және жөндеу жұмыстарын орындау, делдалдық қызметтер, диеталық тамақтану кәсіпорындары мен дүкендер ашу, халыққа ақылы қызметтер көрсету, сонымен қатар, заң мен медицина, баспалық және қызметтердің Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелмеген басқа да түрлерімен айналысу;
- дөрілік шоптер жинау, өз дөріханаларын ашу;
- ауру мүгедектерді дәстүрлі, және де дәстүрлі емес әдістермен гемофилия орнын толтыру бойынша үйрету бағдарламаларын жасауға және жүзеге асыруға жаппай қатысу;
- Қазақстан Республикасы, ТМД елдері мен шетел мемлекеттерінің қайырымдылық, қоғамдық ұйымдармен, бірлестіктермен, қозғалыстарымен бірігіп жұмыс жүргізу.

2.3. Ассоциация кәсіпкерлік қызметпен жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болғандықтан ғана айналыса алады.

2.4. Кәсіпкерліктен түскен табыс оның мүшелері арасында бөлінбейді, ол табыс жарғылық мақсаттарға жету үшін бағытталады. Ассоциация табыстарын қайырымдылық мақсатында қолдануға рұқсат етіледі.

2.5. Жарғылық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін, Ассоциация құқылы:

- өз қызметі туралы ақпаратты еркін таратуға;
- Қазақстан Республикасы Конституциясы және Қазақстан Республикасының қолданып жүрген басқа заңдарына сәйкес, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша, шешім дайындау кезінде ұсыныстар енгізуге;
- донорлық кампанияларда, донорлықты насихаттау, сонымен қатар туыстық, донорлық орталықтарды ұйымдастыруға қатысу, донорлардың қоғамдық бірлестіктерімен жұмыс жасауға;
- Ассоциация жұмысына, ғылым-медикиерді, дәрігерлерді және басқа да мамандарды тартуға;
- мемлекеттік билік органдарына Қазақстан Республикасындағы гемофилия саласындағы гематологтарды мамандандыру туралы ұсыныстар беруге;
- қосымша білім, сонымен қатар гемофилиямен ауыратын балалар үшін үйден оқуға жағдай жасауға, мемлекеттік емес білім беру мекемелерін құруға көмек беруге және қатысуға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға және баспа қызметін жүзеге асыруға;
- мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, өз құқығын, өз мүшелерінің заңды тақырыптарын ұсынуға және қорғауға.

III. АССОЦИАЦИЯДАҒЫ МҮШЕЛІК

3.1. Ассоциациядағы мүшелік тек қана, жеке бола алады.

3.2. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, гемофилиямен ауыратындар, осы ауру мүгедектері, олардың ата-аналары, қамқоршылары, әлеуметтік қорғауды қажет ететін гемофилиямен ауыратындар, мүгедек балаларға күтім жасайтын басқа да тұлғалар, және де Ассоциация жұмысына белсене көмек көрсетіп жүрген, және де Ассоциация мақсаттары мен міндеттерін мойындап жүрген азаматтар, Ассоциация мүшесі бола алады.

3.3. Ассоциация мүшелеріне, ауруларға медициналық, кеңестік және қайырымдылық жордем көрсетуші тұлғалар және Ассоциацияның міндеттерін атқаруға тиімді көмек көрсетушілер Басқарма шешімі бойынша, Ассоциацияның құрметті мүшесі болып қабылдана алады. Мұндай тұлғалар, Ассоциацияның сайлау органдарының жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы.

3.4. Ассоциация мүшелігіне кіру, Ассоциация Басқармасына берілген жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

3.5. Ассоциация мүшелері құқылы:

- Ассоциацияның жалпы жиналыстарына қатысуға;
- Ассоциацияның басқару органдарына сайлауға және сайлануға;
- Ассоциация өткізетін барлық шараларға қатысуға;
- Ассоциацияның басқару органдарының қарауына, Ассоциация қызметі аумағына кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу, сонымен қатар қосымша жарналардың мөлшері, түрі және енгізілуі туралы және осы сұрақтар бойынша талқылауларға қатысуға;
- Жалпы жиналысқа шығарылатын кез келген мәселелерді шешу бойынша дауыс беруге;
- Ассоциация басқару органдарынан кез келген ақпарат алуға, бухгалтерлік есеп және басқа да құжаттардың мөліметтерімен танысуға;
- Ассоциация Басқармасына өз құқығы мен заңды мүдделеріне қорғау сұрауға, және де кеңестік және әдістемелік көмек алуға;
- Ассоциацияға жаңа мүшелер тартуға;
- Ассоциацияның басқару органдарына, ұсыныс, өтініш және шағым жазуға және қойылған сұрақтарға нақтылы жауап талап етуге;

3.6. Ассоциациядан алғашқы кезекпен көмек алуға:

- денсаулық немесе материалдық жағдайына байланысты өте зор аурулар;
- Жарғы мақсаттары мен Ассоциация қызметін жүзеге асыруда белсенді жұмыс жүргізіп жүрген Ассоциация мүшелері, құқылы.

3.7. Мүшелік жарналарды төлеуден Ассоциацияның келесі санаттағы мүшелері босатылады:

- жетім балалардың қамқоршылары;
- гемофилиямен ауыратын бірнеше баласы бар, отбасы мүшелері;
- жалғызбасты, зейнетақысы төмен зейнеткерлер;
- 1 топтағы жалғызбасты мүгедектер;
- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.

Мүшелік жарналарды төлеу бойынша жеңілдіктер, Ассоциация Басқармасының шешімі бойынша беріледі.

3.8. Асырауында мүгедек-балалар, мүгедектер бар Ассоциация мүшелері, төмендегі сұрақтар бойынша, Ассоциация тарапынан жан-жақты көмек алуға құқықтары басымдау:

- білім алу;
- еңбекке орналастыру;
- бір жолғы, материалдық (соның ішінде гуманитарлық) көмек, санаторий немесе демалыс үйіне жолдама алу;
- өлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту;
- Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңдарында қарастырылған, басқа да құқықтарын жүзеге асыру;

3.9. Ассоциация мүшелері міндетті:

- кіру және жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеуге;
- Ассоциацияға оның қызметі бойынша әзірленетін сұрақтарға қажет ақпарат беруге;
- Ассоциацияның құрылтай құжаттарындағы ережелерді сақтауға;
- Ассоциацияның сайлау органдарының шешімдерін орындауға, оның жұмыстарына жұмыла қатысуға;
- Ассоциацияның басқа мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сыйлауға;
- Ассоциация мүшелерінің Жалпы жиналыстарына қатысуға;
- мүмкіндігінше Ассоциация өткізетін курс, семинар, лекцияларға қатысуға;
- шамасы келгенше Ассоциацияның басқа мүшелеріне көмек көрсетуге.

3.10. Ассоциациядағы мүшелікті тоқтату мына жағдайларда жүзеге асырылады:

- өз еркімен, Ассоциация мүшесінің Басқармаға жазған өтініші негізінде (бұл жағдайда мүшелік жарналар қайтарылмайды);
- егер Ассоциация мүшесі, онымен байланысын үзсе және 2 жылдан астам уақыт нақты Жарғының 3.10. тармақтарына сай, міндеттерін орындамаса, Басқарма шешімі бойынша ол Ассоциация мүшелігінен шығарылады.

IV. АССОЦИАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Ассоциацияның ұйымдастыру құрылымын, республикалық қалар мен облыстардағы Ассоциация Басқармасымен бекітілген, қолданылып жүрген заңдар мен олар туралы Ережелердің негізінде жұмыс жүргізетін, заңды тұлға болып табылмайтын Ассоциация филиалдары (өкілдіктер) құрайды.

4.2. Филиалға (өкілдік) қолдану және ие болу құқығымен Ассоциация мүлігі бөлінеді.

4.3. Филиал (өкілдік) басшылығы Ассоциация Басқармасымен сайланып, босатылады.

V. АССОЦИАЦИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

5.1. Ассоциация мынандай негізбен қаланады:

- барлық орындардың сайланулығы;
- сайланған органдар шешімдерінің орындалуын, Ассоциация мүшелерінің барлығы үшін міндетті;
- жұмыста ұйымдастық және әр тапсырылған жұмыс үшін, жеке жауапкершілік.

5.2. Ассоциацияның жоғарғы басқару органы, қажеттілікке байланысты, жылына үш қабат шақырылатын, Ассоциация мүшелерінің Жалпы жиналысы болып табылады. Мерзімі, өткізілетін жері, дайындалған күн тәртібі туралы, Ассоциация Президентімен хабарланады.

Кезектен тыс Жалпы жиналыс, Ассоциация Басқармасы, Ассоциация Президенті және де жалпы санының жартысынан аз емес (50%) Ассоциация мүшелерінің талаптары бойынша шақырылады.

5.3. Жалпы жиналыс

Жалпы жиналыстың ерекше міндетіне мыналар жатады:

- Ассоциация Жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен қосулар енгізу;
- Басқарма мүшелерін, Ассоциация Президентін және Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, және Ассоциация басқару органдарының міндеттерін, ұйымдастыру құрылымын, өкілеттіктерін құру мен тоқтатуды анықтау;
- Басқарма, Президент және Тексеру комиссиясының есептерін тыңдау және бекіту, және орындау органдарының қаржылық есептерін ұсыну тәртібі мен кезеңдерін және де тексеру комиссиясының жұмыс жүргізу тәртібін анықтау;
- кіру және мүшелік жарналардың мөлшері мен уақыттарын белгілеу;
- Ассоциацияның ерікті түрде қайта құрылуы немесе тоқтауы туралы шешім қабылдау;
- басқа заңды тұлғалардың және де филиалдар мен өкілдіктер құрылуына немесе қызметіне қатысу туралы шешімдер.

5.4. Жалпы жиналыс, сұрақтың кімнің құзырына қарайтынына қарамастан, өзінің қарауына кез келген сұрақты алуға құқылы. Жалпы жиналыс, Ассоциация қызметінің, я болмаса нақты Жарғы принциптеріне қайшы келетін Басқарманың немесе Президенттің кез келген шешімін ауыстыруға құқылы. Жалпы жиналыс, өзіне тікелей қатысы жоқ сұрақтарды Басқармаға немесе Президентке жіберуге құқылы.

5.5. Жалпы жиналыста, Ассоциация мүшелерінің немесе сенімхатпен өкілетті мүшелер өкілдерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда заң күші бар. Жалпы жиналыс Ассоциацияның қызметін тоқтату және қайта құру шешімдерінен басқа, оған Жалпы жиналысқа Ассоциация мүшелерінің 2/3-і қатысып отырған жағдайда, Жалпы жиналыстың 2/3 аса қатысушысы дауыс беру керек, басқа шешімдері қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданады. Дауыс беру тәртібін (ашық не жабық) әр жағдайда Жалпы жиналыс анықтайды. Басқарма және Тексеру комиссиясы мүшелігіне, Президенттікке, Жалпы жиналысқа қатысушылардың 2/3 дауыс берген кандидатуралар сайланды, деп саналады.

Басқарма:

5.6. Жалпы жиналыс отырыстарының арасындағы кезеңде, Ассоциацияның күнделікті жұмысына Басқарма жетекшілік жасайды, олар қажеттілікке байланысты екі айда бір жиналады. Басқарма мүшелері, үш адам үш жыл мерзімге Жалпы жиналыспен сайланады.

Басқарманың тікелей міндетіне келесі сұрақтар кіреді:

- Ассоциацияның күнделікті қызметін, оның төрағасының жетекшілігімен жүргізу;
- Ассоциация мүшелігіне қабылдау және шығару, соның ішінде Құрметті мүшелерді де;
- Ассоциация бюджетін, шығындар сметасын, өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша есептерді бекіту;
- Ассоциация филиалдары мен өкілдіктері туралы Ережелерді бекіту;
- кезекті және кезектен тыс тапсырмаларды анықтау, Ассоциация қызметінің маңызды сұрақтарын талқылау;
- эмблема, мөр үлгілері, штамп және басқа да Ассоциация атрибутикаларын бекіту;
- Ассоциация жиналысына шығарылатын материалдар мен есептерді қарау және талқылау;
- жалпы жиналыстар шақыру;

- Ассоциация жұмыстарының әр түрлі сұрақтары бойынша тұрақты және уақытша қоғамдық комиссиялар құру, Ассоциацияға және ұйым жұмысына мүшелікке тартудың басқа түрлерін қоғамдық бастаулармен қолдану;
- гуманитарлық көмекті бөлу, материалдық көмек сұраған отініштерді қарау;
- тоуелсіз аудиторлық тексеру жүргізу туралы шешімдер қабылдау;
- нақты Жарғыға сәйкес, Ассоциация мүмкіншілігіне қарай, алғашқы кезектегі көмек көрсету үшін, Ассоциация мүшелерінің кандидатураларын бекіту.

5.7. Басқарма шешімдері қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданады. Әрбір басқарма мүшесінде 1 дауыс. Басқарма отырысы, оған басқарма мүшелерінің 2/3 қатысқан жағдайда заңды құқығы бар, деп саналады.

5.8. Басқарма бекітеді:

- сомасы бір мың доллардан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгеге шаққан бағамы бойынша) асатын Ассоциация мүлкі мен қаржысына байланысты Президент шешімдерін;
- аппараттың штаттағы қызметкерлерінің санын, олардың өкілеттігін, қызметтік жалақыларын, тұрақты қызметкерлер мен Ассоциация белсенділеріне берілетін сыйлық мөлшерін;
- жарты жылда бір рет, басқарма Ассоциацияның жалпы жиналысында жасалған жұмыстары туралы есеп береді.

5.9. Ассоциацияның басқарушы органдарының сайлауы, Ассоциация мүшелерінің жартысынан көбінің талабы бойынша өткізіледі.

5.10. Басқармадан, Жалпы жиналыс қарауына жазба түрде отініш жазып, өз еркімен шығуға болады.

5.11. Басқарма міндетті:

- әртүрлі халықаралық, өкіметтік емес ұйымдармен байланысқа шығу шараларын жүргізуге;
- мүмкіндік болған жағдайда Ассоциация есебінен, Ассоциация мүшелерін емделу үшін шетелге жіберу туралы шешімдер қабылдауға;
- шетелдік демеушілер мен мамандарды, қоғамдық ұйымдар өкілдерін қабылдауға;
- гуманитарлық көмек қабылдау үшін, 10 адам құрамындағы комиссия құруға;
- гемофилиямен ауыратындардың денсаулығы мен өмір сүру жағдайларын жақсарту мүмкіншілігімен байланысты басқа да сұрақтарды шешуге.

5.12. Ассоциация Президенті:

Президент Ассоциация мүшелерінің Жалпы жиналысымен үш жыл мерзімге сайланады.

- Ассоциация қызметіне, Басқарма отырыстары мен жалпы жиналыстарға аса маңызды деген сұрақтарды шығарып, жетекшілік жасайды;
- қаржы және мүлікке иелік ету құқығы бар;
- штат кестесін бекітеді;
- штат кестесіне сәйкес, орындаушы аппарат қызметкерлерін жұмысқа алады және босатады: шаруашылық құрылымдары және т.б. директорлар орынбасарларын;
- Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы және шетелдегі кез келген мекемелер, ұйымдар, қоғамдармен Ассоциация атынан, сенімхатсыз істер жүргізеді;
- орқилы келісімдер жасайды, сенімхаттар береді;
- Ассоциациядағы өндірістік қатынастарды реттейтін барлық ішкі нормативті құжаттардың дайындалуына жауап береді, олардың орындалуына бақылау жасайды;
- аппарат штатындағы қызметкерлердің міндеттері туралы, қызметтік нұсқамалар бекітеді;
- Ассоциация ішіндегі қызмет мәселелері бойынша, шешімдер қабылдап, өкімдер шығарады;
- жалпы жиналыс өткізуге шақыру, орны мен өткізілетін мерзімі туралы сұрақты шешеді;

- Ассоциация атынан, балалар мен ересек гемофилия ауруларының құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы өтініштермен мемлекеттік, халықаралық және басқа да ұйымдарға кіреді;
- міндетті түрде Басқармада бекітілетін, дербес төлемақылар, үстемелер тағайындайды, сыйақы береді;
- орындаушы аппараттың барлық қызметкерлері үшін міндетті, бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;
- күнделікті және алдағы жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- келісімдер мен шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді, банкідегі есеп айырысу шотын ашады, банк несиелерін қолданады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңына сәйкес шетел валютасымен де;
- Жарғы мақсаттары мен Ассоциация міндеттеріне жету үшін, нақты Жарғымен Басқарма мен Жалпы жиналыс құзырына берілген істерден басқа, қажетті басқа да заңды істерді жүргізеді.

5.13. Президент болмаған жағдайда немесе оның тапсырмасы бойынша, оның міндеттерін, орынбасары немесе аппарат штатындағы қызметкерлер арасынан басқа тұлғаға уақытша жүктеледі.

Ассоциация Президенті мен Бухгалтер, Ассоциация мүшелерінің Жалпы жиналысы мен Басқарма отырысының алдында, Ассоциацияның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп береді.

VI. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

6.1. Қаржы-шаруашылық қызметінің және оның кассасын тексеру, және де Ассоциация мүшелерінің шағым, өтініш, ұсыныстарының дұрыс қарастырылуына тексеру комиссиясы бақылау жасайды.

6.2. Басқарма мүшелері, Ассоциация Президенті, тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

6.3. Ассоциацияның тексеру комиссиясы және оның төрағасы, жалпы жиналыста, үш адам, үш жыл мерзімге сайланады.

6.4. Тексеру комиссиясы –

- Ассоциация Жарғысының орындалуын;
- Ассоциацияның қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайын;
- гуманитарлық көмектің есепке алынуын, есеп жүргізілуіне және бөлінуіне бақылауды;
- гуманитарлық көмекті бөлу және беру сұрағы бойынша қабылданған, басқарма шешімінің дұрыс орындалуын **тексереді**.

6.5. Тексеру комиссиясы өз жұмысына Ассоциацияның басқа да мүшелерін, ал қажеттілік болған жағдайда мамандарды тартады.

6.6. Тексеру комиссия мүшелері құқылы:

- кеңес беру дауыс құқығымен, басқарма отырыстарына қатысуға;
- тексеру қорытындылары мен олардың орындалуларына бақылау бойынша, Ассоциация басқармасына ұсыныстар енгізуге.

6.7. Тексеру комиссиясы мен басшылық арасындағы келіспеушіліктер Ассоциация мүшелерінің жиналысында қаралады.

6.8. Тексеру комиссиясы өзінің қызметі туралы, Ассоциация қызметінің өткен кезеңіне жүргізілетін міндетті кешенді тексеруден кейін, жылына бір рет Ассоциацияның жалпы жиналысында есеп береді.

6.9. Тексеру комиссиясы қоғамдық бастама ретінде жұмыс жасайды. Тексерулер мен бақылаулардан туатын, оның қызметіне байланысты шығындар Ассоциация қаражаты есебіне жатады.

VII. АССОЦИАЦИЯ МҮЛКІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАУ КӨЗДЕРІ

7.1. Ассоциация мүлкін қалыптастыру көздері:

- кіру және мүшелік жарналар;
- оның меншігіне, оның мүшелері берген мүлік;
- ерікті жарналар, жәрдемдер мен гранттар;
- Жарғы мен Қазақстан Республикасы заңына сәйкес өткізілетін шаралар және оларға қатысудан түскен түсімдер;
- Қазақстан Республикасы заңына қайшы келмейтін, Ассоциацияның кез келген қызметінің нәтижесінде түскен табыстар;
- Қазақстан Республикасы заңына қайшы келмейтін, кез келген басқа түсімдер.

7.2. Ассоциация көрсетілген мүлік түрлерінің иесі болып табылады. Ассоциация мүшелерінің Ассоциацияға өздері берген мүлікке, сонымен қатар, мүшелік жарналар мен Ассоциацияның басқа объектілеріне құқықтары жоқ.

7.3. Ассоциация табыстары тек қана оның жарғылық мақсаттарына жету үшін қолданылады және Ассоциация мүшелерінің арасында бөлінбейді.

VIII. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Нақты Жарғының өзгерістері мен қосымшалары, тек Жалпы жиналыспен бекітіледі.

8.2. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы ұсыныс енгізуге, Ассоциацияның әрбір мүшесі құқылы. Ұсыныстар жазбаша түрде Басқармаға беріледі.

8.3. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы сұрақты, Жалпы жиналыс қарауына Басқарма ұсынады.

8.4. Өзгерістер мен қосымшалар, Ассоциация мүшелерінің Жалпы жиналысына қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады. Дауыс беру түрі Жалпы жиналыспен анықталады. Өзгерістер мен қосымшалар, заңмен бекітілген тәртіпте тіркеуге жатады.

IX. АССОЦИАЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

9.1. Ассоциация қызметі келесі жолдармен тоқтатыла алады:

а) Ассоциацияның жоғарғы басшы органы – Жалпы жиналыстың шешімі бойынша – ерікті қайта құру;

б) Ассоциацияның жоғарғы басшы органы – Жалпы жиналыстың шешімі мен заңмен қарастырылған жағдайлар бойынша – тарату.


9.2. Ассоциацияны қайта құру, оның Жарғысы мен Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

9.3. Ассоциация қызметін тоқтату туралы ұсынысты оның кез келген мүшесі енгізуге құқылы. Мұндай, нақты дәлелденіп жазбаша түрде рәсімделген ұсыныс, Басқармаға беріледі. Ассоциация қызметін тоқтатуға байланысты сұрақ, Жалпы жиналыс күн тәртібіне Басқарманың өз ынтасымен немесе Ассоциация мүшелерінің жалпы санының жартысынан көп талаптары бойынша енгізіледі.

9.4. Ассоциация қайта құрылатын жағдайда, оның қалған мүлкі Жалпы жиналыс шешімі бойынша, Ассоциация мирасқорына (мирасқорларына), Ассоциацияның мүлік иелігі және міндеттерімен бірге, оған (оларға) көшеді.

9.5. Ассоциация қызметі таратылып немесе тоқтатылған жағдайда, оның қалған мүлкі оның барлық несиеткерлерінің талаптарын қанағаттандырған соң, нақты Жарғыда бекітілген мақсаттарға сәйкес қолданылады.

**ПРЕЗИДЕНТ
РЫБАЛОВА Т.Г.**



№1 Қосымша.
«Гемофилиямен ауыратын мүгедектердің қазақстандық
ассоциациясы»
Қоғамдық Бірлестігінің эмблемасы



Сипаттама

Формасы — қызыл жиекпен көмкерілген сопақ шеңбер.

Сопақ шеңбердің толтырылуы — негізгі түсі қара.

Олшемі — биіктігі 5,4 см, ені 4,26 см.

Жазуы — негізгі сопақ шеңберде «Казахстанская Ассоциация» (түсі ақ, әріп түрі Arial).

Сопақ шеңбер ішіндегі №1 сурет — қан тамшысы (түсі қызыл).

№1 суреттегі жазу — «больных гемофилией» (түсі қара, әріп түрі Arial).

Сопақ шеңбер ішіндегі №2 сурет — қан тамшысын ұстап тұрған қолдардың символикалық бейнеленуі (түсі ақ).

Символика және мағынасы

Сопақ шеңбер — ауруы мен күйініші бар әлемнің символикалық бейнеленуі, сондықтан негізгі түсі — қара.

Сопақ шеңбердің көмкерілуі — қызыл жолақ - қан түсінің символы, географиялық орналасуына тәуелсіз болатын ауру.

Сопақ шеңбер ішіндегі сурет — ашылған қолдар ұстап тұрған, қан тамшысы. Қолдардың осылай бейнеленуі — дүниежүзілік мүгедектердің белгісі. Қан тамшысы — гемофилия ауруларының өмірін ұстап тұратын қан препараттары.

Эмблеманың жалпы мағынасы

Өздерінің соңғы күштерімен көмекке шақырып және қолдарын созған гемофилия ауруы мүгедектерінің проблемасына қоғам назарын аудару. Бұл қолдар, өздері үшін өмір символына айналған, бағалы қан тамшысын ұстап тұр.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Нөмірленгені, тігілгені және ме

басылғаны барлығы 19 парақ

2003 ж. 18 тамыз

